**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 қаңтардағы N 23 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қазандағы N 1067 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.30. N 555 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті лицензиялау мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 қаңтардағы N 23 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 1, 9-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жұмыстардың (қызметтер көрсетудің) лицензияланатын түрлерінің тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 21 қазандағы
N 1067 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 10 қаңтардағы
N 23 қаулысымен
бекітілген

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жұмыстардың (қызметтер көрсетудің) лицензияланатын түрлерінің тізбесі**

**1. Құрылысқа арналған іздестіру жұмыстары**

1. Инженерлік-геологиялық іздестірулер:

1) геодезиялық орталықтарын салу және қалау;

2) инженерлік-гидрологиялық жұмыстар;

3) жоспарлы-биіктік түсірулер желілерін жасау;

4) 1:10000-1:200 масштабтағы топографиялық түсірулер;
5) жер асты коммуникациялары мен құрылыстарын түсіру, желілік құрылыстар трассаларын жасау және түсіру;
6) инженерлік-геологиялық әзірлемелерді, геофизикалық және басқа да іздестіру нүктелерін бекіту арқылы заттай көрініске ауыстырумен байланысты геодезиялық жұмыстар.
2. Инженерлік-геологиялық іздестірулер:
1) геофизикалық зерттеулер, алдын ала байқау және түсіріп алу;
2) топырақты далалық зерттеулер;
3) гидрогеологиялық зерттеулер;
4) топырақты, жер асты суларын, негіздер мен іргетастарды зертханалық зерттеулер.

**2. Құрылысқа арналған жобалау жұмыстары (сейсмикалық төзімділігі 6 баллға дейін және/немесе 6 баллдан жоғары аудандарда)**

3. Қала құрылысы құжаттамасын әзірлеу:
1) жоспарлау құжаттамасы (аудандардың, шағын аудандардың, кварталдар мен жекелеген учаскелердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау, салу жобаларын);
2) көлік схемалары, сыртқы көлік, көше-жол тораптары;
3) жылумен жабдықтау желілерінің схемалары;
4) сумен жабдықтау желілерінің схемалары;
5) кәріз желілерінің схемалары;
6) газбен жабдықтау желілерінің схемалары;
7) энергиямен жабдықтау желілерінің схемалары;
8) телекоммуникациялар мен байланыс желілерінің схемалары;
9) қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық кешенді схемалары.
4. Күрделілігі I немесе II және III деңгейдегі үйлер мен ғимараттарды сәулеттік жобалау:
1) объектілердің бас жоспарларын, жер бедерін көркейту және ыңғайластыру жобаларын;
2) өндірістік мақсаттағы объектілерді;
3) тұрғын үйлерді;
4) қоғамдық үйлер мен ғимараттарды;
5) үйлер мен ғимараттарды (тарих және мәдениет ескерткіштерінен басқа) қайта жаңартуды және қалпына келтіруді.
5. Құрылыстық:
1) негіздер мен іргетастарды;
2) бетонды және темір-бетонды құрастырмаларды;

3) тасты және шегенделген тасты құрастырмаларды;
4) болат және алюминий құрастырмаларды;
5) ағаш құрастырмаларды;
6) үйлер мен ғимараттарды күрделі жөндеуді, қайта жаңғыртуды, құрастырмаларды нығайтуды жобалау мен құрастыру.
6. Инженерлік:
1) жылыту, желдету, кондиционермен желдету;
2) сумен жабдықтау және кәріз;
3) жылумен жабдықтау;
4) газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырлары;
5) төмен қысымды газбен жабдықтау;
6) орташа қысымды газбен жабдықтау;
7) жоғары қысымды газбен жабдықтау
8) салқын ауамен жабдықтау;
9) 0,4 кВ-ға дейінгі электр энергиясымен жабдықтау;
10) 10 кВ-ға дейінгі электр энергиясымен жабдықтау;
11) 35 кВ-ға дейінгі электр энергиясымен жабдықтау;
12) 110 кВ-ға дейінгі электр энергиясымен жабдықтау;
13) 220 кВ-ға дейінгі және одан жоғары электр энергиясымен жабдықтау;
14) электр жарығымен жабдықтау, электрмен жылыту;
15) технологиялық процесстерді автоматтандыру;
16) тогы әлсіз құрылғылар жүйелері мен тораптарын жобалау.
7. Жобалардың арнайы:
1) қоршаған ортаны қорғау;
2) еңбекті қорғау;
3) тот басудан қорғау;
4) жаңа құрылысты жобалау, үйлер мен ғимараттарды күрделі жөндеу әрі қайта жаңғырту кезеңіндегі өрт-күзет дабылы, өрт сөндіру мен өрттен қорғаныш автоматикасы, жүйелері;
5) сметалық құжаттамалары;
6) құрылысты ұйымдастыру жобалары (ҚҰЖ) мен жұмыстар жүргізу жобалары (ЖЖЖ)бөлімдерін әзірлеу.
8. Технологиялық жобалау:
Қоғамдық үйлер мен ғимараттар (3 қабатқа дейінгі, 5 қабатқа дейінгі, 9 қабатқа дейінгі, 9 қабаттан жоғары):
1) мектепке дейінгі білім беруге, білім беруге, кадрлар даярлауға арналған ғимараттар, ғылыми-зерттеу мекемелеріне, жобалау және қоғамдық ұйымдар мен басқару органдарына арналған ғимараттар, мәдени-ағарту және көрермендік мекемелер ғимараттары, әртүрлі мақсаттағы үй-жайларды қоса алғанда, көп

функциялы ғимараттар мен кешендер;
2) денсаулық сақтауға арналған үйлер мен ғимараттар;
3) дене шынықтыру-сауықтыру, спорт пен демалысқа арналған үйлер мен ғимараттар;
4) сауда, қоғамдық тамақтандыру және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына арналған ғимараттар;
5) халыққа тікелей қызмет көрсету мақсатындағы көлікке арналған үйлер мен ғимараттар;
6) коммуналдық шаруашылыққа арналған ғимараттар (өндірістік, қоймалық және көлікке арналған үйлер мен ғимараттардан басқа).
Өндірістік мақсаттағы объектілер:
1) электр энергетикасы кәсіпорындары;
2) отын өндіру өнеркәсібі кәсіпорындары;
3) газ және мұнай өндіру өнеркәсібі кәсіпорындары;
4) газ және мұнай өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары;
5) тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындары;
6) химия және мұнай химиясы кәсіпорындары;
7) химия және мұнай-химия машиналарын жасау кәсіпорындары;
8) қара металлургия кәсіпорны, түсті металлургия кәсіпорындары;
9) станок жасау, станок құралдары өнеркәсібінің кәсіпорындары, автомобиль өнеркәсібі кәсіпорындары, трактор және ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындары, құрылыс, жол және коммуналдық машиналарын жасау кәсіпорындары;
10) ауыр машина жасау кәсіпорындары, энергетика машиналарын жасау кәсіпорындары, көлік машиналарын жасау кәсіпорындары, кеме жасау өнеркәсібінің кәсіпорындары;
11) темір жол көлігі, авиация, су көлігі кәсіпорындары;
12) байланыс құралдары өнеркәсібі, есептеу техникасы мен ұйымдастыру техникасы құралдарын өндіру кәсіпорындары;
13) электр техникасы өнеркәсібі кәсіпорындары, прибор жасау өнеркәсібі кәсіпорындары, радиотехника өнеркәсібі кәсіпорындары;
14) тамақ, ұн-жарма тарту өнеркәсібі кәсіпорындары;
15) медицина, микробиология және фармацевтика өнеркәсібі кәсіпорындары;
16) бөгеттер, бөгесіндер, басқа да гидротехникалық ғимараттар;
17) ағаш өңдеу кәсіпорындары;
18) шыны кәсіпорындары;
19) полиграфия кәсіпорындары;
20) жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары;
21) құрылыс индустриясы кәсіпорындары;

22) мұнара және діңгек үлгісіндегі ғимараттар мен құрастырмалар;
23) көтергіш құрылғылары.

Байланыс объектілері мен ғимараттары:
1) байланыс, радио және теледидар желілері;
2) жалпы республикалық магистральдық байланыс және телекоммуникациялар желілері;
3) халықаралық байланыс және телекоммуникациялар желілері.

Ауыл шаруашылығы объектілері.

Көлік құрылысының объектілері мен ғимараттары:
1) темір жол көлігінің қатынас жолдары;
2) республикалық маңызы бар автомобиль жолдары;
3) автомобиль жолдары;
4) қалалық электр көлігі;
5) су (теңіз немесе өзен) көлігі;
6) әуе көлігі;
7) көпірлер мен көпір өткелдері.

## 3. Сараптама жұмыстары

9. Жобалары мемлекеттік сараптамасының ерекше құзыретіне жатпайтын жұмыстар мен қызметтер көрсету рыногы субъектілері орындайтын сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының бөлімдеріне сараптама.

10. Қолданыстағы үйлер мен ғимараттардың жұмыс істеуінің беріктігі мен орнықтылығын бағалау:
1) үйлер мен ғимараттардың техникалық жай-күйін тексеру;
2) инженерлік жүйелер мен коммуникацияларды тексеру.

## 4. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндіру

11. Құрылыс материалдары мен бұйымдарын өндіру (терезе мен есік блоктарын қоспағанда):
1) үйлер мен ғимараттардың тіреу әрі қоршау құрастырмаларында қолданылатын бетон және темір-бетонды;
2) желдеткіш, санитарлық-техникалық, электр монтаждық жабдықтарды;
3) металдардан, өндіріс қалдықтары негізінде полимерлік және композиттік материалдардан;
4) кесілген жұмыр ағаштан.

12. Құрылыс құрастырмаларын өндіру (терезе мен есік блоктарын қоспағанда):
1) мұнара-діңгек үлгісіндегі, түтін шығару мұржалары;
2) көпірлер мен көпір өткелдері;

3) көлемі 5000 м3 дейінгі резервуарлар мен сыйымдылықтар;

4) қысыммен жұмыс істейтін немесе жарылу-өрт қаупі бар және қоршаған ортаға зиянды материалдар сақтауға арналған резервуарлар мен сыйымдылықтар ;

5) тіреу әрі қоршау;

6) технологиялық металл құрастырмалар мен олардың детальдары.

13. Асфальт-бетон қоспаларын өндіру.

14. Мамандандырылған зертханаларда өнім сапасын бақылау.

**5. Құрылыс-монтаж жұмыстары (сейсмикалық төзімділігі 6 баллға дейін және/немесе 6 баллдан жоғары аудандарда)**

15. Жер жұмыстары.

16. Топырақтағы арнайы жұмыстар:

1) бұрғылау;

2) жарылыс жасау;

3) су асты техникалық және теңіз қайраңындағы жұмыстар;

4) мелиоративтік және су шаруашылығы құрылысындағы жұмыстар;

5) гидромеханикаландырылған жұмыстар;

6) сүзілуге қарсы қалқаларды орналастыру, топырақ қабатын бекіту, жер асты суының деңгейін төмендету;

7) тау-кен ұңғылау мен тоннель қазу.

17. Үйлер мен ғимараттардың күрделілігі I немесе II және III деңгейдегі тіреу әрі қоршау құрастырмаларын тұрғызу:

1) металл құрастырмаларды монтаждау, арматураларды орнату;

2) 5000 м3-қа дейінгі болат резервуарлар мен сыйымдылықтарды монтаждау;

3) қысыммен жұмыс істейтін немесе жарылу-өрт қаупі бар және қоршаған ортаға зиянды материалдарды сақтауға арналған болат резервуарлар мен сыйымдылықтарды монтаждау;

4) мұнара және діңгек үлгісіндегі құрылыс құрастырмаларын, түтін мұржаларын монтаждау;

5) көпірлер мен көпір өткелдерінің тіреу құрастырмаларын монтаждау;

6) көтергіш құрылғылардың (лифтілердің, эскалаторлардың, шахта тоқпақтары мен көтергіштерінің, аспалы жолдардың және басқалардың) құрылыс құрастырмаларын монтаждау;

7) металлургия, мұнай-химиясы, тау-кен, энергетика және басқа да өнеркәсіп салалары агрегаттарының, аппараттары мен өзге де технологиялық ғимараттарының құрылыс құрастырмаларын монтаждау;

8) құйма бетон және темір-бетон құрастырмаларын орналастыру;

9) негіздемелер мен іргетастарды орналастыру;

10) қада қағу жұмыстары;
11) құрама бетон және темір-бетон құрастырмаларды монтаждау;
12) тас, кірпіш, блок қалау және бөлу қалқаларын орналастыру;
13) қоршау құрастырмаларын монтаждау және ойықтарды толтыру;
14) ағаш тіреу құрастырмаларын монтаждау;
15) шатыр жабу жұмыстары.

18. Арнайы құрылыс және монтаждау жұмыстары:
1) мұнай құбырларының, мұнай өнімдері құбырларының магистральдық тораптары;
2) мұнай құбырларының, газ құбырларының кәсіпшілік тораптары;
3) газ құбырларының магистральдық тораптары;
4) скважиналарды жайластыру;
5) кернеуі 35 кВ дейінгі электр тарту магистральдық желілері;
6) кернеуі 110 кВ дейінгі электр тарту магистральдық желілері;
7) кернеуі 220 кВ және одан жоғары электр тарту магистральдық желілері;
8) тұрғын үй және коммуналдық-тұрмыс объектілерін газдандыру;
9) гидротехникалық және селден қорғау құрылыстары, бөгеттер, бөгесіндер;
10) түтін шығару мұржалары, күш тіректері, градирнялар, шахта үстіндегі тоқпақтар;
11) отқа төзімді материалдарды қалау;
12) жарылу-өрт қаупі бар жабдықтарды монтаждау;
13) технологиялық шыны құбырларды монтаждау;
14) түсті металдардан жасалған технологиялық құбырларды монтаждау;
15) полимерлі материалдардан жасалған технологиялық құбырларды монтаждау;
16) байланыс пен телекоммуникациялардың жалпы республикалық магистральдық желілері;
17) байланыс пен телекоммуникациялардың халықаралық желілері;
18) мұнай, мұнай өнімдері мен сұйытылған газдардың қоймалары.

19. Сыртқы инженерлік тораптар мен ғимараттарды орналастыру жөніндегі жұмыстар:
1) қысыммен жұмыс істейтін құбырлар;
2) жылу тораптары;
3) төменгі қысымды газбен жабдықтау тораптары;
4) орта қысымды газбен жабдықтау тораптары;
5) жоғары қысымды газбен жабдықтау тораптары;
6) сумен жабдықтау және кәріз тораптары;
7) электр жарығын орнату;
8) электрмен жабдықтау тораптары;

9) темір жол қатынасы жолдарының электрмен жабдықтау желілері;
10) әуе көлігі кәсіпорындарын электрмен жабдықтау және электр жарығын тарту желілері;
11) байланыс, радио, теледидар желілері.
20. Ішкі инженерлік желілерді орналастыру жөніндегі жұмыстар:
1) желдету, ауаны кондициялау, пневмокөлік және шаң-тозаң тұту;
2) электрмен жабдықтау;
3) жылумен жабдықтау;
4) газбен жабдықтау;
5) сумен жабдықтау, кәріз;
6) электр жарығы;
7) байланыс, радио, теледидар;
8) электрмен жылыту.
21. Құрастырмалар мен жабдықтарды қорғау жөніндегі жұмыстар:
1) құрылыс құрастырмаларын су өтпейтіндей етіп қымтау;
2) құбырларды, құрылыс құрастырмалары мен жабдықтарын жылу шығармайтындай етіп қымтау;
3) қаптау мен шегендеу жұмыстары;
4) құрылыс құрастырмалары мен жабдықтарын, тым уытты су әсері кезінде химиялық қорғаныш жабындыны қоса алғанда, тоттанудан сақтау;
5) құбырларды, құрастырмалар мен жабдықтарды электрохимиялық сақтау.
22. Сылау мен сырлау жұмыстарын қоспағанда, күрделілігі I немесе II және III деңгейдегі үйлер мен ғимараттардың құрылысын салу, қайта жаңғырту, күрделі жөндеу кезіндегі әрлеу жұмыстары:
1) сыртқы;
2) ішкі.
23. Жол салу жөніндегі жұмыстар:
1) темір жол тармақтарына арналған негіздер;
2) темір жол тармағының үстіңгі қабатын төсеу;
3) республикалық маңызы бар автожолдардың негіздері мен жабыны;
4) жергілікті маңызы бар автожолдардың негіздері мен жабыны, ішкі шаруашылық автожолдардың негіздері мен жабыны;
5) қалалық жол тораптарының негіздері мен жабыны;
6) жолдарды жайластыру, жолдардағы шағын жасанды ғимараттар;
7) әуежайлардың ұшу-қону алаңдарының негіздері мен жабыны;
8) тікұшақтар алаңдарының негіздері мен жабыны.
24. Технологиялық жабдықтарды монтаждау:
1) көтеру-көліктік, лифтілер;
2) металл өңдеу;

3) ағаш өңдеу;
4) ұсақтау-уату, кен байыту және агломерациялық;
5) металлургия;
6) бұрғылау;
7) мұнай кәсіпшілігі;
8) газ кәсіпшілігі;
9) геологиялық барлау;
10) тау-кен-шахта, метрополитендер мен тоннельдер;
11) жарылыстан қорғалған электротехникалық жабдықтар;
12) бақылау аварияға қарсы қорғау мен дабыл аппаратурасы мен жүйелері;
13) жылу-қуат жабдықтары;
14) компрессор машиналары, сорғылар мен желдеткіштер;
15) темір жол көлігіндегі байланыс, дабыл, орталықтандыру және ажырату құрылғылары мен жабдықтары;
16) электр пештері;
17) газды тазарту;
18) технологиялық металл құрастырмалары;
19) технологиялық құбырлар;
20) электротехникалық қондырғылар мен жабдықтар;
21) қазандық қондырғылар мен көмекші жабдықтар;
22) өндірістік және тұрмыстық мақсаттағы бақылау мен есепке алу приборлары;
23) химия және мұнай өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары;
24) көмір өнеркәсібі кәсіпорындары;
25) су-электр стансалары мен гидротехникалық құрылыстар;
26) жылу электр стансалары;
27) байланыс кәсіпорындары;
28) құрылыс материалдары өнеркәсібі кәсіпорындары;
29) жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары;
30) тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары;
31) театр-ойын-сауық үйлері мен ғимараттары;
32) астықты өңдеу жөніндегі кәсіпорындар мен астық қоймалары.

25. Технологиялық жабдықтарды іске қосу-реттеу жұмыстары:
1) көтеру-көліктік, лифтілер;
2) металл өңдеу;
3) ағаш өңдеу;
4) уату-ұнтақтау, байыту және агломерация;
5) металлургия;
6) бұрғылау;

7) мұнай кәсіпшілігі;
8) газ кәсіпшілігі;
9) геологиялық барлау;
10) кен-шахта, метрополитендер мен тоннельдер;
11) жарылыстан қорғалған электротехникалық жабдықтар;
12) бақылау, аварияға қарсы қорғау және дабыл аппаратурасы мен жүйелері;
13) жылу-қуат;
14) компрессор машиналары, сорғылар мен желдеткіштер;
15) темір жол көлігіндегі байланыс, дабыл, орталықтандыру және ажырату құрылғылары мен жабдықтары;
16) электр пештері;
17) газды тазарту;
18) технологиялық металл құрастырмалары;
19) технологиялық құбырлар;
20) электротехникалық қондырғылар мен жабдықтар;
21) қазандық қондырғылары мен көмекші жабдықтар;
22) өндірістік және тұрмыстық мақсаттағы бақылау мен есепке алу приборлары;
23) химия және мұнай өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары;
24) көмір өнеркәсібі кәсіпорындары;
25) гидроэлектр стансалары мен гидротехникалық ғимараттар;
26) жылу электр стансалары;
27) байланыс кәсіпорындары;
28) құрылыс материалдары өнеркәсібінің кәсіпорындары;
29) жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары;
30) тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары;
31) театр-ойын-сауық үйлері мен ғимараттары;
32) астық өңдеу жөніндегі кәсіпорындар мен астық қоймалары.

26. Сылау мен сырлау жұмыстарын қоспағанда, күрделілігі I немесе II және III деңгейдегі үйлер мен ғимараттарды күрделі жөндеу мен қайта жаңғырту кезіндегі жөндеу-құрылыс жұмыстары;
1) үйлер мен ғимараттардың тіреу және қоршау құрастырмалары (есептеу схемасын өзгертпей);
2) шатыр жабындылары және құрастырмалары;
3) сыртқы және ішкі инженерлік тораптар (газбен жабдықтаудан басқа);
4) газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырлары, бу құбырлары, ауа құбырлары және басқа да тұрақты тасымалдағыш құрылғылар;
5) құрастырмалар мен жабдықтардың (қаптау, шегендеу, оқшаулау, тоттануға қарсы, химиялық және тағы басқа); қорғаныш жабындылары;

6) республикалық маңызы бар автожолдары;
7) жергілікті маңызы бар автожолдары, шаруашылық ішкі автожолдары;
8) қала жолдары торантары;
9) темір жолдары;
10) тоннельдер;
11) гидротехникалық және гидромелиоративтік құрылыстары;
12) лифтілерді, көтеру көлік құрылғылары мен ғимараттарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
13) сыртқы және ішкі әрлеу;
14) көпірлер мен көпір өткелдері.
27. Үйлерді, ғимараттарды қайта жаңғырту және құрастырмаларды нығайту.
28. Қолданыстағы үйлерді, ғимараттарды, құрылыстар мен құрылыс құрастырмаларын бөлшектеу.
29. Жұмыстар мен қызметтер көрсету субъектілері жүзеге асыратын құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын бақылау.
құрылыс процесін технологиялық сүйемелдеу.
30. Құрылысқа арналған жұмыстарды орындау кезіндегі инжинирингтік қызметтер көрсету:
1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы консультациялық, ақпараттық-анықтамалық, делдалдық қызметтер көрсету;
2) жұмыстар (қызметтер көрсету) сатып алу жөніндегі конкурстарға, саудаларға қатысуға арналған құжаттаманы дайындау;
3) жұмысшы кадрлары мен мамандарды аттестаттау;
4) құрылымдық бөлімшелердің және мердігерлік ұйымдардың күштерімен құрылыс өндірісін ұйымдастыру;
5) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алуға ниет білдіруші заңды және жеке тұлғалардың өндірістік-техникалық базасын тексеру;
6) лицензиаттар (лицензия алуға талапкерлер) беретін материалдардың (құжаттардың) техникалық аудиті мен сараптамасы;
Ескерту: Лицензиаттың (лицензия алуға талапкердің) біліктілік талаптарының расталуына қарай лицензиар сейсмикалық аудандастыру және ғимараттардың, құрылыстар мен құрастырмалардың күрделілігі жөнінде шектеу белгілеуі мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК